

Халық жазушысы Дмитрий Снегинді мәңгі есте сақтау туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 14 сәуірдегі N 58-ө өкімі

Көрнекті қоғам қайраткері, "Президенттің бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының" лауреаты, халық жазушысы Дмитрий Снегинді мәңгі есте сақтау мақсатында

1. Алматы қаласының әкімі:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен Алматы қаласы көшелерінің біріне халық жазушысы Дмитрий Снегиннің есімін берсін;

2) Дмитрий Снегин тұрған және жұмыс істеген Алматы қаласы, Төлебаев көшесі, 130 мекен-жайы бойынша орналасқан үйге сынтас орнатсын;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік ономастикалық комиссияға Алматы қаласы мектептерінің біріне Дмитрий Снегиннің есімін беру туралы ұсыныс енгізсін.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Дмитрий Снегин туралы отандастардың естелік кітабын және оның шығармалары жинағын басып шығаруды қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр